



Сала кәсіподағы – теміржолшылар тірегі



№77-78 (2792-2793)
04/10/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-
ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА



ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ БЕЛЕСІНДЕ...

Отыз жылдық мерейтойын атап өткелі отырған «Қазкөліккәсіп» қоғамдық бірлестігінің «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында 95 мың мүшесі бар. Теміржолшылардың сенімді серігі және тірегіне айналған қоғамдық ұйым – салалық кәсіподақ тарихы тәуелсіз Қазақстан тарихымен тамырлас.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

1992 жылы 26 наурызда Алматыда теміржолшылар мен көлік құрылысшылары кәсіподағының алғашқы құрылтай съезі өтіп, оған республикамыздың үш темір жолынан 120-дан астам делегат, ҚР Көлік және коммуникациялар бірінші министрі Нығметжан Исингарин қатысты.

«Қазақстан Республикасының теміржолшылар және көлік құрылысшылары кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің құрылуы дал осы күнмен байланысты. Оның құрамына дорпрофсож, райпрофсож және жол бөлімшелеріне тікелей бағынатын кәсіпорындардың

бастауыш кәсіподақ ұйымдары, сондай-ақ «Желдорстрой» және «Қазтранстрой» құрылыс трестері кірді. Бірыңғай салалық кәсіподақтың төрағасы болып Алматы темір жолы кәсіподағының басшысы Борис Егорович Шубин сайланды. Оның орынбасарлары болып Иван Лапшин мен Амангелді Байжұманов тағайындалды.

Бірінші құрылтай съезінің шешімдері шеңберінде «Қазкөліккәсіп» ҚБ осы күнге дейін жұмыста басылысқа алатын жарғы мен басқа да бірқатар нормативтік құжаттар қабылданды, әлбетте, өзгерістер, толықтырулар енгізілуде, бірақ негізі сол күйінде қалып отыр.

«Біріккен кәсіподақ жұмысының не-

гізгі қағидаттары барлық мүшелерінің еңбек, кәсіптік, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау, заң шығару қызметіне ықпал ету, еңбек жанжалдарын оңтайлы шешу, ұйымдық, кеңестік, құқықтық және материалдық қызмет көрсету, өз өкілдерін Парламентке және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына ұсыну мақсатында ынтымақтасу», – дейді «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев.

Бүгінгі таңда Қазкөліккәсіп Халықаралық теміржолшылар кәсіподақтары конфедерациясының, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы құрылтайшыларының бірі және Халықаралық көлік федерациясының

мүшелік ұйымы болып табылады. Оның құрылымына 13 филиал, 17 жергілікті кәсіподақ, 315 бастауыш кәсіподақ ұйымы, сондай-ақ Атырау, Маңғыстау және Семей өңірлері мен Защита торабы бойынша Орталық кәсіподақ кеңесінің төрт өкілі кіреді.

Кәсіподақтың «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, оның еншілес ұйымдары мен құрылымдық бөлімшелерінің басшылығымен өзара қарым-қатынасы тең құқылы әлеуметтік әріптестік қағидаты бойынша құрылып отыр. Ал салалық келісімде және ұжымдық шарттарда белгіленген міндеттемелер мен кепілдіктерді дөйекті іске асыру теміржол көлігінің тұрақты жұмысын сақтауға мүмкіндік береді.

Құрметті «Қазкөліккәсіп» ҚБ ұжымы және сала ардагерлері!

Еңбек адамының құқығын қорғап, жұмыс берушімен өзара тиімді байланысты нығайтуға үлес қосып келе жатқан «Қазақстанның теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі еңбеккерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігіне 30 жыл толып отыр.

Өткен үш онжылдықта «Қазкөліккәсіп» қоғамдық бірлестігі төрт көлік түрі бойынша 100 мыңнан астам жұмысшы-қызметкердің басын біріктірген ірі және беделді ұйымға айналды. Бірлестік Теміржолшылар кәсіподағы халықаралық конфедерациясының, ҚР Кәсіподақ федерациясы құрылтайшыларының бірі, сонымен қатар Көлікшілердің Халықаралық федерациясына мүше болып табылады.

Осы уақыт аралығында Кәсіподақ өкілдері Ұлттық компания жұмысшыларының, сала ардагерлерінің еңбек құқықтарын қорғау мен әлеуметтік жағдайларын жақсарту, өндірістегі қауіпсіздік мәселелері мен еңбек дау-дамайларын шешу, қайырымдылық, спортты дамыту, білім беру мен жасар саясатын жүргізу және басқа да салаларда оң нәтижелерге қол жеткізуге айтарлықтай үлесін қосып келеді.

Кәсіподақтың «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдары, құрылымдық бөлімшелері басшылығымен өзара қарым-қатынасы тең құқылы әлеуметтік серіктестік қағидаттары негізінде құрылады.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ 30 жылдық мерейтойын тек сөзбен емес, нақты істермен қарсы алуда. Оны біз күн сайынғы жұмыс барысында көріп, қоғамдық өмірдегі шаралар арқылы байқап отырмыз. Биыл мерейтой қарсаңында еліміздің түкпір-түкпірінде мәдени-бұқаралық, имидждік және спорттық шаралары мен қайырымдылық жұмыстары ауқымды көлемде өтуде.

Теміржолшылардың мүддесі жолында тер төгіп жүрген барша кәсіподақ қызметкерлерін мерейтоймен құттықтап, мықты денсаулық, еңбекте береке мен толағай табыс тілеймін!

Нұрлан САУРАНБАЕВ,
«ҚТЖ»-ҰК» АҚ Басқарма төрағасы



Серік СӘПӘКЕЕВ,

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі «Астана» филиалының төрағасы:

БҮГІНГІ ТАҢДА КӘСІПОДАҚТЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – СОҢҒЫ КЕЗДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ ҰШЫҒУЫНА ҚАРАМАСТАН, ҚОҒАМНЫҢ НАЗАРЫН ЖҰМЫС БЕРУШІМЕН БІРЛЕСЕ ОТЫРЫП ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІККЕ ЖОЛ БЕРМЕУГЕ АУДАРУ. СОНДАЙ-АҚ ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ҚҰҚЫҢ, ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ЕҢБЕК, ӨНЕРКӘСІП ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЯСАТЫНА АТСАЛЫСУ ДА БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ

95 тыс.

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ ЯВЛЯЮТСЯ
ЧЛЕНАМИ ОО «КАЗПРОФТРАНС»

В РЕЗУЛЬТАТЕ СОВМЕСТНОЙ РАБОТЫ
АО «НК «ҚТЖ» И ПРОФСОЮЗА НА УЛУЧШЕНИЕ
САНИТАРНО-БЫТОВЫХ УСЛОВИЙ РАБОТНИКОВ
ПЛАНИРУЕТСЯ НАПРАВИТЬ СВЫШЕ

31 млрд
ТЕНГЕ

ДО КОНЦА 2025 ГОДА

БОЛЕЕ

120

СПОРТИВНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ, ПОСВЯЩЕННЫХ
25-ЛЕТИЮ АО «НК «ҚТЖ» И 30-ЛЕТИЮ ОТРАС-
ЛЕВОГО ПРОФСОЮЗА, ПРОВЕДЕНО С НАЧАЛА
ГОДА РЕГИОНАЛЬНЫМИ ИНСТРУКТОРАМИ ПО
СПОРТУ ОО «КАЗПРОФТРАНС»

Актуально

Взаимодействовать во БЛАГО железнодорожников

Железнодорожная отрасль Казахстана всегда отличалась социальной ориентированностью и надежностью. Во многом этому способствует то, что совместно с руководством АО «НК «ҚТЖ» над повышением благосостояния сотрудников активно работает Казпрофтранс, который в этом году отмечает 30-летний юбилей.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Благодаря совместным усилиям сохраняется и улучшается действующий социальный пакет работников АО «НК «ҚТЖ». Руководство компании всегда поддерживает иницилируемое профсоюзом расширение льгот и гарантий железнодорожникам в целях улучшения качества жизни, условий труда, обеспечения безопасности, социальной и правовой поддержки.

– В этом году Казахстанский отраслевой профсоюз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта отмечает 30-летний юбилей. За этот период он прошел непростой путь и вырос в крупную, авторитетную организацию, объединяющую более 100 тысяч работников одной из самых стратегически важных отраслей экономики. Для железнодорожников Казпрофтранс всегда был и остается надежной опорой, – говорит главный менеджер департамента социальной политики АО «НК «ҚТЖ» Акмарал Байгабулова.

Она отмечает, что славная история ОО «Казпрофтранс» уходит корнями в 90-е прошлого века. И все эти годы неизменными остаются главные принципы и направления работы отраслевого профсоюза – защита трудовых прав и социально-экономических интересов работников, ветеранов отрасли, законотворческая

деятельность, решение вопросов охраны труда, разрешение трудовых конфликтов, благотворительность, развитие спорта, обучение, молодежная политика, международное сотрудничество и многое другое.

– Социальный диалог и социальное партнерство – именно так можно охарактеризовать наше взаимодействие и сотрудничество с профсоюзом. Ведь в АО «НК «ҚТЖ» первостепенное значение придается вопросам охраны труда, производственной безопасности и благополучия работников. Так как именно благоприятный климат в коллективах напрямую влияет на производительность труда и эффективность компании, – говорит Акмарал Байгабулова.

Совместная работа ведется на постоянной основе, в том числе проводятся собрания и беседы с участием работников транспортной отрасли, принимаются во внимание все точки зрения, выслушиваются все мнения.

– АО «НК «ҚТЖ» всегда находится в тесном сотрудничестве с отраслевым профсоюзом. В первую очередь эта совместная работа направлена на улучшение условий труда работников, повышение их благосостояния и, конечно, развития. В рамках социального партнерства во всех органах, комиссиях, связанных с работниками, присутствуют представители профсоюза. Одними из главных документов, на которых строится социальное партнерство, являются Отраслевое трехстороннее соглаше-

ние и Коллективный договор. Этот год является знаковым для всех нас, ведь в текущем году ҚТЖ празднует свое 25-летие, а профсоюз 30-летие. И в течение года проведено большое количество мероприятий под эгидой этих двух дат. До конца года также запланирован ряд совместных мероприятий, начиная от спортивных, заканчивая культурно-массовыми в рамках празднования важных государственных праздников, – делится главный менеджер департамента социальной политики АО «НК «ҚТЖ» Замир Сериков.

По его словам, также тесное сотрудничество с профсоюзом исключительно положительно отражается на отрасли, так как проводимая работа основана на принципах социального партнерства. Многолетнее сотрудничество выстроило систему, где профсоюз является главным стратегическим партнером в вопросах, непосредственно связанных с трудовыми коллективами.

Последовательная реализация обязательств и гарантий, установленных Отраслевым соглашением и коллективными договорами, позволяет сохранять стабильную работу железнодорожного транспорта. При этом взаимоотношения профсоюза с руководством АО «НК «Қазақстан темір жолы», его дочерних организаций и структурных подразделений на протяжении десятилетий строятся по принципу равноправного социального партнерства.

Уважаемые друзья, коллеги!

От имени Международной конфедерации профсоюзов железнодорожников сердечно поздравляю с 30-летним юбилеем один из самых влиятельных профсоюзов Республики Казахстан – ОО «Казпрофтранс»!

Надежный и проверенный временем, добывающий для своих членов достойной заработной платы и стабильной занятости, безопасных условий труда и социальных гарантий, Казпрофтранс может по праву гордиться своими успехами.

Образование профсоюза в 1992 году наполнило новым содержанием социальное партнерство на железнодорожном транспорте Республики Казахстан, а его Коллективный договор с АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» выполняет особую и ответственную миссию, являясь ориентиром как для профсоюзов, так и железнодорожных администраций стран региона.

В последние годы много сделано для повышения жизненного уровня работников железнодорожного комплекса, реализации проектов в области молодежной политики, что позволяет профсоюзу иметь высокий уровень профсоюзного членства.

Казпрофтранс сыграл исключительную роль в формировании и развитии регионального профсоюзного движения железнодорожников стран постсоветского пространства. Созданная с его активным участием в 1992 году Международная конфедерация профсоюзов железнодорожников (МКПЖ) сохранила общность и солидарное взаимодействие профсоюзов отрасли стран региона, а поддержка Казпрофтранса позволила ей интегрироваться в глобальное и европейское профдвижение транспортников.

Искренне желаю коллегам и впредь высоко держать планку социальной защиты работников. Счастья, здоровья, благополучия и удачи всем членам ОО «Казпрофтранс»!

Уверен, что наше сотрудничество будет и впредь служить делу социальной защищенности железнодорожников, развитию профсоюзных отраслей.

Генеральный секретарь МКПЖ
Геннадий КОСОЛАПОВ

№77-78 (2792-2793) 04/10/2022

СЕМЕЙДЕ «ҚҰРҒАҚ ПОРТ» САЛЫНАДЫ

 **Қуан ШӘКЕН,**
Абай облысы



Өткен жұма күні Абай облысына ресми жұмыс сапарымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы келді. Жергілікті жұртшылықпен өткізілген жиын барысында ел Президенті теміржолшылар қауымы үшін де тың міндеттер жүктейтін, таяу болашақта атқарылуы тиіс бірқатар мәселелерді атап көрсетті.



Соның ішінде осыған дейін арнайы жоба ретінде қолға алынған Аягөз-Бақты-Шауешек теміржол желісін салу мен облыс орталығы Семей қаласынан көлік-логистикалық орталық салу мәселесін баса айтып өтіп, ел Үкіметіне, аймақ басшылығына нақты тапсырмалар берді

«Абай облысы тоғыз жолдың торабында тұр, Ресеймен, Қытаймен шектесіп жатыр. Осы мүмкіндікті ұтымды пайдалану үшін жолдарымыз сапалы әрі қауіпсіз болуы керек. Еліміздің көлік әлеуетін дамыту үшін Бақты арқылы Қытайға баратын теміржол желісін салуды жоспарлап отырымыз. Бұл теміржолды міндетті түрде салуымыз керек. Үкімет осы мәселемен айналысады. Өңірде «құрғақ порт», «логистикалық парк» салып, көлік дәлізін дамыту қажет. Халықаралық маңызы бар күрежол Семей арқылы өтеді. Сондықтан, ең алдымен, қаладағы екі көпірді жөндеу қажет. Биыл мұнда жаңа көпірдің құрылысы басталды. Үкімет облыс әкімдігімен бірлесіп, оны үш жылда салып бітіруге тиіс. Сондай-ақ, аспалы көпірге күрделі жөндеу жүргізуді тапсырамын», – деді көпшілік алдындағы өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Сөз орайында айта кету ләзім, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша облыс мәртебесін қайтадан иеленген аймақта логистика мәселелері күн тәртібіне қойылады. Бұл ретте жергілікті теміржолшылар тарапынан мемлекеттік деңгейдегі жаңа жобаларды жүзеге асыру шаралары тың қарқынмен қолға алынып жатыр.

– Семейден «құрғақ порт» салу мен Аягөз-Бақты теміржол телімін төсеу мәселесі жергілікті теміржолшылар үшін үлкен жауапкершілік жүктейді. Президент алдымызға тың міндеттемелер қойып отыр. Қайта жанданған аймақтағы көлік дәлізін дамыту – уақыт талабынан туындап отырған жайт, – дейді бұл орайда Семей ЖТ бөлімшесінің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімі мамандары.

Суретті түсірген автор

ҚАРТТАРҒА ҚОЛҒАБЫС ЕТТІ

 **Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Астана



«KTJ Express» АҚ қызметкерлерінен құралған еріктілер елордадағы жалғыз тұратын қарттардың үйіне барып, тазалық жұмыстарына қолғабыс етті.



Сондай еріктілердің бірі Сабыржан Ғалиақпар аталған компанияның контейнерлік тасымал департаментінде жұмыс істейді. Оның ерікті болып қоғам өміріне араласып жүргеніне бірнеше жыл болған. Мұқтаж жандарға көмек қолын созуды өмірлік парызы деп санайтын ол осындай істер арқылы адам бойында рухани құндылықтар қалыптасатынын айтады.

– Қарттар күніне орай қаланың шет аймақтарындағы 3 қарияның үйіне барып, ауласын жинап, бақшасын тазалап, көмірін тасып, отын жарып, қолғабыс еттік. Бұл істе өзіммен мүдделес компания жастары жиналды. Сондықтан бұл шаруаларды бірнеше сағаттың ішінде атқарып тастадық, – дейді ерікті теміржолшы. Қарттардың алғысына бөленген осындай ерікті жастар қатары компанияда көбейіп келе жатқаны қуантады.

«KTJ Express» АҚ бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Венера Дынбаеваның айтуынша, компания құрамындағы қызметкерлердің бәрі де – кәсіподақ мүшелері. Сондықтан 30 жылдық мерейтой аясында бұл ұйымның да еңбегін атап өту керек.

– Кәсіподақ өміріндегі барлық шараларға біздің компания қызметкерлері қашан да белсенді атсалысады. Сондай шаралардың бірі – Халықаралық қарттар күніне орай орталық аппарат зейнеткерлерін құттықтадық. Теміржол саласында сан жылдар еңбек еткен 8 зейнеткердің екеуі ғимаратта өткізген шараға қатысты, қалғандарына сыйлықтарын апарып берді. Оның айтуынша, бастапқы ұйымға компанияның 100-ге жуық қызметкері мүше.

Суретті түсірген автор

ТЕМІРЖОЛШЫ МҮДДЕСІ ЖОЛЫНДА

Семей ЖТ бөлімшесінде салалық кәсіподақтың 30 жылдық мерейтойына орай арнайы жиын болып өтті. Жиынға бөлімше басшылары, жастар ұйымының жетекшілері мен салалық кәсіподақ ұйымдарының белсенділері және кәсіподақ ардагерлері қатысты.



 **Абай ЕРТІС,**
Семей

Бөлімше кәсіподағының төрағасы Алик Досанов салтанатты жиынды ашып, осы кезеңге дейінгі кәсіподақ қызметі туралы баяндама жасап, байтақ желі бойындағы теміржолшылар игілігі үшін атқарылған шаралармен таныстырып өтті. Бұл орайда ұжым арасындағы еңбек дауларын реттеуден бастап, сала еңбеккерлерінің бос уақыттарын тиімді өткізулеріне де атсалысып жүрген

бастауыш кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жіпке тізіп шықты.

Ал келесі сөз кезегін алған Семей ЖТ бөлімшесінің басшысы Владимир Бабиченко ұжымдық еңбек шартын әзірлеу мен оның басымдықтарын жүзеге асыруда жергілікті кәсіподақ ұйымының үлесін баса атап өтіп, баршаны мерейтоймен құттықтады. Семей магистральдық желі бөлімшесі басшысы Айдын Шәукежанов та ізгі тілегін жеткізді.

Ал арнайы шақырылған қонақ – Семей аймақтық кәсіподақ ұйымының төрағасы

БАСТЫ НАЗАР – ӨНДІРІСКЕ

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Түлкібас жол дистанциясының кәсіподақ комитеті үздік атанған ұйым. Кәсіподақ филиалының төрағасы Тахир Дадабаев мекеме өміріндегі маңызды істерде кәсіподақтың қандай рөл атқаратынын айтып берді.

 **Ұлан ОРАЗ,**
Жамбыл

Оның айтуынша, кәсіподақ дистанция өміріне белсене араласады, мысалы, техникалық сабақтардың кәсіби деңгейде ұйымдастырылуы үшін заманауи техникалармен жабдықталуына кәсіподақтың үлесі зор. Ғимарат аумағында тәжірибелік сабақтар өткізуге арналған полигон салынған. Өндірістік оқыту шебері мен еңбек қорғау кабинеті кәсіподақ қаржысының арқасында кинопроекторлармен жабдықталып, жөнделген. Бастапқы ұйым көмегімен асхана қолданысқа беріліп, барлық кабинеттерге жиһаздар, тұрмыстық бұйымдар алынған. 120 орындық акт залға күрделі жөндеу жүргізуге де кәсіподақ ұйымы көмегін берген. Сонымен қатар дистанция қызметкерлерінің күшімен әкімшілік ғимараттың сыртына косметикалық жөндеу жасалған.

– Басты назарды өндіріске аударамыз. Кәсіподақ, сонымен қатар жасанды құрылымдар



цехын, шеберхананы, ақау табу цехы мен 5, 11 айналымдарды жиһазбен жабдықтауға атсалысты. Барлық күзетілетін өткелдерге шайнек, жылыту құралдары, тамақ ысытатын пештер, қол жуатын жабдықтар алып бердік. Ірі тораптық станциялардағы өткелдерге кішкентай тоңазытқыштар алынды. Сондай-ақ бізге теміржолшылар көбіне өздерінің немесе отбасы мүшелерінің денсаулығына байланысты қаржылай көмек сұрап, жүгінеді. Сол

БЕКЗАТТАЙ БЕЛСЕНДІ БОЛСА...



Ел шығысындағы теміржол саласында да қоғамдық өмір қайнап жатыр. Салалық кәсіподақ ұйымының ұйытқы болуымен іргелі шаралар өткізіліп, теміржолшылардың қызметтен тыс уақыттары да мейлінше тиімді өтуде. Осы орайда кәсіподақ жұмысында белсенділік танытып келе жатқан жандардың еңбегі зор.

 **Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Семей ЖТ бөлімшесінде еңбекті қорғау бойынша жетекші инженер қызметін атқаратын Бекзат Кәрімханов – осындай белсенді жастың бірі. Тәуелсіздікпен құрдас, теміржолшылар қаласы Аягөзде дүниеге келген Бекзат о баста елгезек бала болса керек, мектепте, кейін Семейдегі теміржол колледжінде түрлі қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүретін ол сол кезден-ақ кез келген кештің жүргізушісі болыпты. Домбыра, шахмат үйірмелеріне қатысып, спорттық сайыстар жеңімпазы, жайдар-

маншы, сосын көпмдіктей кәсіби фотграф болыпты. Оркестрде өнер көрсеткен де кезі болған. Осылай ерте ортаға қосылып, өзін-өзі шындауы арқасында кез келген жұмысты ұршықтай үйретін қабілеті де болды. Бүгінде бөлімшедегі кәсіподақ жұмысын жүргізіп отыр. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары жігітті ұжым таңдап сайлаған.

Алғашқы еңбек жолын өзі оқыған колледжде темір жол бойынша арнайы пәндердің ұстазы болып бастапты. Қуратор қызметін де атқарып өзінен сәл-ақ кіші жастарды тәрбиелеген. Педагогтық тәжірибесі бүгінде темір жолдағы қызметінде үлкен пайдасын тигізуде. Кейін

М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығы бойынша үздік тәмамдап, жоғары білім алды.

Темір жолдағы алғашқы қызметін Семей ЖТ бөлімшесінің Жаңа-Семей станциясында бағыттама кезекшісі болып бастады. Қысқа мерзім ішінде бағыттама қосыны кезекшісі, осы станцияның «А» қосынының станция бойынша кезекшісі болып бірнеше саты жоғарылады. Сондай-ақ, Семей вокзал шаруашылығының 1-ші категориялы инженері, Семей ЖТ бөлімшесінің қоршаған ортаны қорғау бойынша инженері, ең-

Сәбит Ибраев бүгінгі таңда Абай облысындағы ең үлкен ұжым саналатын Семей теміржолындағы кәсіподақ қызметінің еңбегіне жоғары баға берді.

Кәсіподақ ардагерлері, әйгілі династия өкілдері Тұрсынғазы Жарылғапов пен Нағима Мойынбаева да бүгінгі әріптестеріне еңбекте табыс тіледі. Сол тәрізді бірқатар шараларда демеушілік танытып жүрген кәсіпкер азамат, қалалық мәслихат депутаты Андрей Алтайбаев да құттықтау тілегін жолдады.

Жиын әрі қарай желі бойындағы бірқатар кәсіподақ белсенділерін Қазақстан кәсіподағының 30 жылдығына арналған мерейтойлық белгімен марапаттауға ұласты. Олардың арасында Семей жол дистанциясының кәсіподақ төрағасы, әйгілі жолшы Жексенбай Жолдоболинов, Аягөз локомотив пайдалану депосының кәсіподақ төрағасы Ғалинұр Мырзашев, Жаңа-Семей жол дистанциясының кәсіподақ төрайымы Зульфия Еникеева сынды белсенділер болды. Сол тәрізді «Локомотив» спорт клубының нұсқаушысы, әйгілі футболшы Жанат Мойынбаев, НЖС-6 кәсіподағының төрағасы Айдар Оспанов, Семей станциясындағы кәсіподақ төрайымы Шәрбат Мейірмано-ва «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаевтың грамотасын иеленді. Тағы бірқатар теміржолшылар қоғамдық өмірдегі қалтқысыз қызметі үшін алғыс хат алды. Кәсіподақ ардагерлеріне арнайы әзірленген мерекелік сыйлықтар тарту етілді.

Суретті түсірген автор

тұрғыда да тұрақты көмек беріледі, – дейді ұйым басшысы.

Асырлық тарихы бар жол дистанциясында кәсіподақ ұйымын басқарумен қатар негізгі жұмысы персонал жөніндегі менеджер болып еңбек ететін Тахир Дадабаев – осында еңбек еткен бірнеше буын теміржолшылар династиясының ұрпағы. Оның бұл қызметті қоса атқарып келе жатқанына екі жылға жуықтады. Өзімен бірге кәсіподақ жұмысына тағы бес қызметкер тартылған.

Бүгінде 271 адам еңбек ететін дистанция Түлкібас-Жамбыл бағытындағы теміржолдың күтімін жасауға жауапты. Олардың бәрі дерлік кәсіподаққа мүше. Дистанцияда үш өндірістік телім, 11 айналым, ақауапқыш цехы, шеберхана және жасанды құрылыстар цехы бар. 2018 жылы жастар форумында дистанция ҚТЖ бойынша «белгі беруші датчик» жобасын ұсынып, бірінші орын алды. Бұл құрылғы қазіргі таңда компания басшылығының қадағалауында.

Түлкібастық кәсіподақ жетекшісі биыл еліміздегі емдеу-сауықтыру санаторийлеріне баруға дистанцияның 20 қызметкеріне жолдама берілгенін, сондай-ақ 23 бала жазғы лагерьде демалып қайтқанын айтты. «Мектепке жол» акциясы аясында мекемедегі көп балалы және аз қамтылған 23 отбасының балаларына көмектескен. Кәсіподақтың 30 жылдығы аясында және теміржолшылардың төл мерекесі қарсаңында түрлі спорттық және мәдени іс-шаралар ұйымдастыруда да кәсіподақ белсенді жұмыс жүргізуде.

Суретті түсірген автор

бекті қорғау бойынша жетекші инженер лауазымдарына сатылай өсіп, тәжірибесін арттырды. 2019 жылы өндірістік жарақаттануға жол бермегені үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Кәсіби өмірдегі жетістігінің өзі жас буынға үлгі боларлықтай. Атап айтсақ, «Болашақ басқарушылар» бағдарламасын игеріп, ұлттық компанияның ішкі жаттықтырушылар пулын құру және дамыту бағдарламасы бойынша өткен сайыстың жеңімпазы атанды. Сертификатталған ішкі жаттықтырушы атағын алды.

– Бекзат Нұрланұлы – кәсіби қызметте ғана емес, қоғамдық қызметте де жетістікке жеткен жан. Сала кәсіподағына сіңірген қызметі үшін «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Оразғали Ахметбаевтың алғыс хатымен марапатталса, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС кәсіподақ филиалының төрағасы Е.Төлегеновтің құрмет грамотасын алды, кәсіподақ жетекшілеріне оны үлгі тұтып, Бекзаттай белсенді болса бәріне қол жеткізуге болады дейміз, – дейді кейіпкеріміз жайлы пікір білдірген бөлімшенің салалық кәсіподақ ұйымының төрағасы Алик Досанов.

Қорыта айтсақ, кәсіподақ белсендісі Бекзаттың бүгінде шығыстағы барлық теміржолшы біледі. Өз қызметін қоғамдық жұмыстармен қатар алып келе жатқан, теміржолшылар мүддесін бәрінен жоғары қоятын жігерлі жасты жергілікті теміржолшылар мақтан тұтады.

Суретті түсірген автор



ПУТЬ, ОТМЕЧЕННЫЙ СЛАВНЫМИ СВЕРШЕНИЯМИ И ТРАДИЦИЯМИ

В текущем году общественному объединению «Казахстанский отраслевой профсоюз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» исполнилось 30 лет. Этот период для истории – всего лишь миг, но для профсоюза это время становления и роста, позволившее организации занять достойное место в умах и сердцах железнодорожников.

История появления профсоюза железнодорожников уходит своими корнями в 90-е годы. Назревшая в стране острая обстановка, усугублявшаяся кризисом в экономике и тяжелыми социальными условиями жизни людей, стимулировала процесс поиска новой профсоюзной концепции. Так, 26 марта 1992 года в Алматы в ходе заседания учредительного съезда было принято решение о создании общественного объединения «Профессиональный союз железнодорожников и транспортных строителей в Республике Казахстан» (профсоюз).

В состав единого профсоюза вошли профсоюзные организации Алматинской, Западной и Целинной железных дорог Казахской ССР. В их структуру входили первичные профсоюзные организации предприятий и организаций железных дорог данных регионов, а также строительных трестов «Желдорстрой» и «Казтрансстрой».

В настоящее время структура АО «Казпрофтранс» состоит из 13 филиалов, 17 локальных профсоюзов, 315 первичных организаций и четырех представителей Центрального совета по Атыраускому, Восточно-Казахстанскому, Мангистаускому и Семейскому регионам.

На сегодня АО «Казпрофтранс» является одним из самых крупных и активных отраслевых профсоюзов реального сектора страны, представляет права и интересы свыше 109 тысяч человек, из которых порядка 100 тысяч – это работники группы компаний АО «НК «ҚТЖ».

Железнодорожная отрасль Казахстана всегда была социально ориентированной и надежной. В АО «НК «ҚТЖ» первостепенное значение придается вопросам охраны труда, производственной безопасности и благополучию работников. Ведь благоприятный климат в коллективах напрямую влияет на производительность труда и эффективность компании.

Совместно с руководством компании профсоюз продолжает работать над повышением эффективности социально-трудовой политики.

Так, в рамках социального партнерства, начиная с 1993 года профсоюзом подписано 17 трехсторонних отраслевых соглашений, более 100 коллективных договоров, в том числе и с предприятиями автомобильного, воздушного и водного транспорта.

Профсоюзом на постоянной основе инициируется расширение льгот и гарантий работникам в целях улучшения их качества жизни, условий труда, обеспечения безопасности, социальной и правовой поддержки работников.

Например, в целях недопущения массовых увольнений работников отрасли в рамках проводимых мероприятий по оптимизации штатной численности между АО «НК «ҚТЖ» и профсоюзом в 2019 году подписан меморандум, согласно которому компания за три месяца вперед ставит в известность профсоюз о предстоящих изменениях в структуре для принятия определенных решений.

При участии профсоюза в АО «НК «ҚТЖ» принята программа мягкого высвобождения персонала, в которой предусмотрены пакеты для высвобождаемых работников: трудоустройство на другие должности с возможностью переобучения, выплата компенсации, ранний выход на пенсию (для определенной категории работников).

По настоянию профсоюза производственными советами по безопасности и



охране труда в компании за 2020-2021 годы проведено порядка 9 500 проверок рабочих мест.

В результате совместной работы профсоюза и АО «НК «ҚТЖ» на улучшение санитарно-бытовых условий работников планируется направить свыше 31 миллиарда тенге до конца 2025 года.

Благодаря совместным усилиям сохраняется и улучшается действующий социальный пакет работников компании. Он включает в себя различные виды льгот. В 2021 году расходы на социальную поддержку работников увеличились на 24,7% и составили 11,6 миллиарда тенге. В 2020 году этот показатель составлял 9,3 миллиарда.

Следует отметить, что в Коллективном договоре на протяжении многих лет действует норма, которой нет аналогов в стране. Если работник стал инвалидом из-за трудового увечья или профессионального заболевания по вине работодателя, то компания при наличии медицинских показаний выделяет этому работнику денежные средства в размере до 1 800 МРП на приобретение автомобиля.

Так, при содействии профсоюза 50 работникам с ограниченными возможностями выделены денежные средства на приобретение автотранспорта.

Кроме того, осуществляются выездные проверки по соблюдению норм трудового законодательства и условий коллективных договоров, оказанию практической помощи и правовой защиты трудовых прав работников. Проводятся собрания и беседы с участием работников железнодорожной отрасли.

Также на постоянной основе профсоюз инициирует в государственные органы предложения о снижении пенсионного возраста для работников, занятых на тяжелых работах, с вредными и опасными условиями труда.

С 1 июля 2022 года компанией проводится двухэтапный переход с исторически сложившихся «участковых» региональных коэффициентов в оплате труда на единые «областные» региональные коэффициенты. Значимое для всего производственного персонала решение принято, несмотря на ожидаемые убытки в текущем году и значительную финансовую нагрузку. Первый этап проведен с 1 июля текущего года, второй этап перехода завершится 15 октября 2022 года. Таким образом, из нескольких действующих «участковых» коэффициентов в одной области будет применяться наибольший из них

единый «областной» региональный коэффициент.

Большое внимание уделяется профсоюзом и обучению профактива. Программы обучения включают в себя курс лекций по всем направлениям профсоюзной работы, начиная с истории развития и мотивации профсоюзного членства и завершая детальным разбором актуальных вопросов и спорных ситуаций в сфере охраны и условий труда, страхования, правовой, организационной и социально-экономической работы, бухгалтерского учета.

К примеру, в 2014 году профсоюз совместно с ҚТЖ провел форум на тему «Социально ориентированная политика компании – стабильность в коллективе и на производстве», собравший свыше 150 человек. Темы и вопросы, которые поднимали участники форума, касались стратегии развития компании, кадровой и социальной политики, природы социально-трудовых конфликтов,



30-ЛЕТНИЙ ЮБИЛЕЙ АО «КАЗПРОФТРАНС» ОТМЕЧАЕТ КОНКРЕТНЫМИ ДОСТИЖЕНИЯМИ. МЫ ПРОДОЛЖАЕМ ВЕСТИ РАБОТУ ПО ВСЕМ САМЫМ ВАЖНЫМ ДЛЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ НАПРАВЛЕНИЯМ. ЭТО ОХРАНА ТРУДА, РАЗВИТИЕ И СОХРАНЕНИЕ КАДРОВОГО ПОТЕНЦИАЛА, БЕЗОПАСНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ.

обеспечения качественной подготовки кадров для транспортно-логистического комплекса и многого другого. В партнерстве с международной конфедерацией профсоюзов железнодорожников (МКПЖ) в 2017 году проведен семинар-совещание «Современная финансовая политика профсоюзов». Участники Казахстана, России, Беларуси, Украины и Кыргызстана.

Надо отметить, что полученные знания не оседают мертвым грузом в памяти профактивистов, а работают во благо трудовых коллективов не только Казахстана, но и соседних государств.

Как известно, в борьбе за права трудящихся в сложных социально-экономических условиях может победить только сильный профсоюз. Одним из главных инструментов его укрепления и развития является информационная работа.

Ставка на медиапроекты стала ответом

на вызовы времени. Для мотивации членства в профсоюзе необходимо постоянно быть на связи с трудовыми коллективами, знакомить их с тем, чем занимается профсоюзный актив, как отстаивает права и гарантии труженников. И здесь важны все каналы информирования – от изготовления видеороликов до публикаций материалов на страницах республиканской газеты «Қазақстан теміржолшысы», от выпуска профсоюзной рекламы «Алга PROбивной PROфсоюз» и проведения информационных дней до использования социальных сетей. Так, молодежь Восточно-Казахстанского отделения ГП вышла с предложением в ЦС профсоюза об открытии видеостудии, посредством которой молодые железнодорожники запланировали создание цикла фильмов о профсоюзной работе. Их инициатива была поддержана, и к ней подключились молодые профсоюзные активисты из Атырау, Актобе, Семей. А в первичной организации профсоюза Международного аэропорта Нурсултан Назарбаев прошел праздничный флешмоб, посвященный Дню профсоюзов Казахстана с чувственным участием в охране труда и поощрением активистов профсоюза. Подобные мероприятия прошли в Карагандинском, Жамбылском, Западном, Алматинском филиалах профсоюза, в локальных профсоюзах аэропорта Атырау и Актобе.

Все эти и другие мероприятия освещались на страницах республиканской газеты «Қазақстан теміржолшысы», на официальных сайтах ФПРК, Казпрофтранса, в созданных целевых группах в социальных сетях и местных региональных СМИ.

Одним из значимых направлений деятельности АО «Казпрофтранс» является забота о детях работников отрасли. Ежегодно совместно с руководством АО «НК «ҚТЖ» мы организовываем отдых детей железнодорожников в возрасте от семи до 13 лет в лучших оздоровительных центрах Акмолинской, Костанайской, Павлодарской, Карагандинской, Алматинской, Южно-Казахстанской, Жамбылской, Восточно-Казахстанской, Актюбинской, Западно-Казахстанской, Мангистауской областей.

Также профсоюз на постоянной основе проводит различные познавательные экскурсии, праздничные мероприятия. Во всех регионах проводится акция «Дорога в школу». Ежегодно в канун учебного года более 3 000 детей из многодетных семей железнодорожников получают в подарок школьные наборы. Все эти мероприятия – это не только

агитация к работе профсоюза и информирование о нашей деятельности, это воспитание у железнодорожников и их детей чувства заботы, почтения и уважения к учебе и труду.

В профсоюзе наряду с охраной труда важной составной частью социальной политики считается и охрана здоровья работников. Пропаганда здорового образа жизни – это одно из приоритетных направлений деятельности профсоюза, в связи с чем ежегодно проводятся спартакиады, турниры по футболу, волейболу, баскетболу, хоккею, настольному теннису, бильярду.

К примеру, три года подряд проводится турнир «Кубок железнодорожной футбольной лиги» (Кубок ЖФЛ), главным условием которого является участие сборных команд, сформированных из работников одного предприятия.

К 70-летию Великой Победы Казпрофтранс совместно с профсоюзами железнодорожников России и Беларуси поучаствовал в организации и проведении самого масштабного в истории стальной магистрали велопробега. От нашей страны в составе команды «Авангард – Казпрофжел» приняли участие 11 железнодорожников. В рамках велопробега они проехали порядка тысячи километров по Казахстану и России и финишировали на Мамаевом Кургане в Волгограде.

Неотъемлемой частью работы профсоюза является взаимодействие с другими профсоюзами на внутриреспубликанском и международном уровнях. Его можно условно разделить на три направления:

Первое – сотрудничество с отраслевыми профсоюзами, входящими в состав Федерации профсоюзов Республики Казахстан. Объединение участвует в разработке предложений к проектам законов и иных нормативно-правовых актов, затрагивающих социально-трудовые права и интересы членов профсоюза.

Вторым важным направлением является членство и активное участие в деятельности Международной конфедерации профсоюзов железнодорожников. В рамках данного сотрудничества налажена связь с профсоюзами работников транспорта Российской Федерации, Кыргызстана, Узбекистана, Украины, Беларуси, Азербайджана, Молдовы, Армении, Таджикистана и профсоюзами Литвы, Эстонии и Латвии.

Третье и не менее значимое направление – развитие международного сотрудничества с профсоюзами работников транспорта стран Европы, Азии и Америки. Казпрофтранс является членом организации глобального профсоюза – Международной федерации транспортников (ITF). Профсоюз через ФПРК, МКПЖ и МФТ проводит встречи и совместные семинары с профсоюзами работников транспорта Германии, Швеции, Финляндии, Китая и других стран.

30-летний юбилей АО «Казпрофтранс» отмечает конкретными достижениями. Мы продолжаем вести работу по всем самым важным для железнодорожников направлениям. Это охрана труда, развитие и сохранение кадрового потенциала, безопасность движения, юридическая поддержка, благотворительность, помощь ветеранам труда, организация детского отдыха, оздоровление работников и членов их семей. Немало сделано за минувшие 30 лет, еще больше предстоит сделать.

Оразгали АХМЕТБАЕВ,
председатель АО «Казпрофтранс»
Фото Александра ЖАБЧУКА



№77-78 (2792-2793) 04/10/2022

Құрметті әріптестер!

Өзбекстанның мыңдаған теміржолшылары мен көлік құрылысшылары атынан осы мерейтоймен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ ұжымын құттықтағым келеді. Қоғамдық бірлестіктің дамуы мен өркендеуіне жанын салып аянбай еңбек еткен барлық еңбеккерлерді құттықтаймын. Қазіргі жағдайға жету үшін аз жұмыс атқарылған жоқ. Шын жүректен сіздерге даму, тұрақтылық және қаржылық ал-уқат тілеймін. Темір жолдардың өндірістік-экономикалық және сапалық көрсеткіштері біздің компанияларды әлемдегі көшбасшы көлік компаниялары деңгейіне жеткізсін. Мереке құтты болсын!

Құттымұрат САБЫРОВ,
Өзбекстанның Теміржолшылар және көлік құрылысшылары кәсіподағы республикалық кеңесінің төрағасы

Құрметті «Қазкөліккәсіп» ҚБ мүшелері!

Кәсіподақтың 30 жылдық мерейтойына арналған Орталық Кеңестің кеңейтілген отырысына шақырығандарыңыз үшін сіздерге шын жүректен алғыс білдіремін.

Сіздерді және барлық қазақстандық теміржолшыларды осы мерейтойлық датамен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге және «Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық кеңесінің кеңейтілген отырысына қатысушыларға сала кәсіподағы мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау ісінде зор денсаулық, ұшқыр ой және сарқылмас күш-қуат тілеймін!

Зикрулло ХАМИДОВ,
Тәжікстан теміржолшылар кәсіподағының төрағасы

КӘСІПОДАҚ ЖЕТЕКШІСІ

Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясында 36 жыл үздіксіз еңбек етіп келе жатқан электромеханик Марат Әбілхайыров – ұжымға сыйлы азаматтардың бірі. Сондықтан әріптестері өткен жылы оны кәсіпорындағы кәсіподақ ұйымының төрағалығына бірауыздан сайлады.

Байырғы байланысшылар дистанциясының ұжымында әу бастан татулық пен ауызбіршілік салтанат құрған. Бұл оларға алдыңғы буыннан сіңген қасиет болса керек. Мысалы, кәсіпорын есебінде өндірістік жарақат алған үш мүгедек жан бар, ұжым мүшелері оларды қамқорлықтарына алып, ұдайы көмектесуді дәстүрге айналдырған. Одан басқа ардагерлер мен жалғыздікті қарттарға мерекеде әлеуметтік себет дайындау да салтқа айналған. Кәсіподақ осы жұмысты тұрақты назарда ұстайды.

– Әрине, әріптестерім сенім білдірген соң оның үдесінен шығу – міндет. Жыл басталғалы жоспар бойынша түзген жұмыстарды орындап жатырмыз. 120-ға жуық зейнеттегі ардагерлермен жиі хабарласып, тиісті көмегін беріп отырмыз. Көп балалы отбасылар да назарда. Атап айтқанда, Гүлнар Рахымберденова деген қызметкеріміз «Алтын алқа» иегері. Жақында ғана басталған «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында үш отбасына оқу құралдарын алып бердік. Жылына 7-8 қызметкер зейнетке шығып жатады, ер азаматтардың 60, әйелдердің 55 жасын да ескеріс қалдырмаймыз. Көктемде облыс орталығындағы мүгедек балалар интернат үйіне барып, қайырымдылық көмек жасадық,



Ал жастарымыз көктемгі-күзгі санитарлық тазалық айларында жалғызбасты қарттардың ауласын тазалап, алғыс алып жүр, – дейді Марат Қайыржанұлы.

Ұжым мүшелері саламатты өмір салтын ұстанып, тұрақты түрде спортпен айналысудан алдарына жан салмайды. Кәсіпорын қызмет көрсетегін Шу, Жаңатас, Түлкібас аймағы және Тараздың өзінен екі команда болып жыл сайын әр тоқсанда кіші футболдан жарыс өткізуді дәстүрге айналдырған.

– Оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс болып жылдың төрт мезгілінде ойындар өткізіп, спортшыларды қаржылай және материалдық тұрғыда қолдап келеміз, – дейді кәсіподақ жетекшісі.

Арсен БАЙЗАҚ, Тараз
Суретті түсірген автор

СЕНІМ – БӘРІНЕН БИІК

Нарықтық заманда кәсіподақ жұмысының маңызы мен пәрменін жоғалтпай, керісінше беделін көтеру жолында тер төгіп жүрген азаматтар аз емес. «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Ақтөбе филиалының кәсіподақ төрағасы Самат Әлиев те теміржолшылардың әлеуметтік әлеуетінің артуы жолында қызмет етіп келеді.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Самат Ұлмағамбетұлы ұзақ жыл теміржолдың жолаушы тасымалы саласында еңбек еткен. Соңғы бес-алты жыл «Ақтөбе - ЖТ» филиалында кәсіподақ төрағасы. Батыс өңіріндегі үлкен филиалдың кәсіподақ жұмысын ұйымдастырып, оның міндетін абыроймен атқарып келеді.

– Кәсіподақтың жұмысы не? Біздің жағдайымызда, мысалы, ол – теміржолшы халықтың адвокаты болу деген сөз. Ұжымдық шарт талаптарына сәйкес теміржолшы-

лардың еңбек ету құқығын реттеп отырудың артында көп нәрсе жатыр: жұмысшылардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарының бұзылмауын, еңбек қауіпсіздігін бақылап, жұмыс беруші мен жұмысшының арасында дәнекер болу үшін кәсіподақ өкілінің өзі алдымен сауатты, жан-жақты білімді, іскер болуы керек, – дейді кейіпкеріміз.

Аймақ кәсіподағының теміржолшылар арасында беделі артып, сенімге ие болып отыруының да сыры осында жатса керек. Кәсіподақ ұйымының ұйытқы болуымен биыл балалардың

демалыс лагері кең көлемде ұйымдастырылып, екі жыл карантиннің есесін толтырды. Карантин демекші, Самат Ұлмағамбетұлы кешегі індет кезінде бір отбасыдай жұмылған теміржолшылар мен сала кәсіподағының жұмысы кім-кімге де үлгі болады деп санайды. «Басқа салаларды білмеймін, теміржолда әр жұмысшы жеке бас қорғаныш құралдарымен толық қамтамасыз етілді. Маска, антисептиктер үздіксіз таратылып тұрды. Жұдырықтай жұмылған ұйымшылдық арқасында теміржолшылар арасында



індет кең тарай алмады, өлім-жітім де көп болмады, – дейді кейіпкеріміз.

– Еңбек адамы алдымен не ойлайды? Әрине, отбасының амандығын, айлығының өскенін қалайды. Ал жұмысшының көңіл күйі көтеріңкі болса, жұмысқа да ынтасы артып, жұмыс өнімділігі жақсарайды деген сөз. Сондықтан біз, кәсіподақ теміржолшылардың жұмысы тиісті бағаланып, отбасына тиесілі көмектерді алып, сол еңбегіне лайық демалып, денсаулығын түзеп, балалары да жазда демалыс лагерінде болып, білім күніне орай киім-кешегіне, керек-жарағына қосымша көмек алып, қысқасы, теміржолшының лайықты еңбек етіп, өмір сүруі үшін бәрін жасаймыз, – дейді С.Алиев.

1980 жылы еңбек жолын жолаушылар пойызына жолсерік болып бастаған кейіпкеріміз резервте эксплуатация бойынша орынбасар, вокзал бастығы секілді жауапты қызметтер атқарған. Оны кәсіподақ қызметіне ұсынғандар Самат Ұлмағамбетұлының көпшілікпен жұмыс жасай білу қабілетіне сенім артқан. Ал, сенім бәрінен биік. Еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықтың сақталуы үшін тынымсыз еңбектеніп жүрген кәсіподақ жетекшісі оны жақсы түсінеді.

Суретті түсірген автор

ҮЗДІК ИНСПЕКТОР

Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясының байланыс электромеханигі Айгүл Керімбаева – өз жұмысына деген жауапкершіліктің үлгісін көрсетіп жүрген жан. Сондықтан оны қауіпсіздік және еңбекті қорғау инспекторы етіп сайлаған.



Ерман ӘБДИЕВ,
Тараз

Биылғы теміржолшылар күні қарсаңында Айгүл Борисқызы «Үздік инспектор» төсбелгісімен марапатталды. Кейіпкеріміз 15 жыл бойы бір кәсіпорында еңбек етіп келеді, кәсіподақ ұйымының белсенді мүшесі.

– Менің «Үздік инспектор» атануымның палендей құпиясы жоқ. Қоғамдық инспектор ретінде өндірісті жіті қадағалап, ақаулы апатты жағдайлардың алдын алуға барынша атсалысып жүремін. Ал кәсіподақ ұйымы тарапынан болып жатқан бастамаларға әрдайым қолдау көрсетіп, қоғамдық жұмыстардың ортасынан табылуды өзімнің азаматтық парызым санаймын. «Жақсылықтың ірісі, майдасы, айласы болмайды» деген ғой. Біздің ұжым қайырымдылық шаралардың ортасында жүреді, қиындыққа ұшыраған әріптестеріміз болса, дереу ортадан ақша шығарып, көмек қолын созуға ұмтыламыз. Айтуды күндер мен кәсіби мерекелерде ардагерлерімізді ұмытпай, сыйлап көңілдерін көтеруге тырысамыз. Бүгінде кәсіпорында өндірістік жарақат алған үш мүгедек бар, екеуіне кәсіпорыннан арнайы жәрдемақы төленеді. Алайда, Әнуарбек Тілендиев алған жарақатынан қайтыс болып, көмек оның сол кезде көмелет жасына толмай жетім қалған қызына көрсетілді. Ол қыз бүгінде студент. Мен өз тарапымнан оның өзіне тиесілі барлық көмекті алып, жеңілдікті пайдалануын қадағалап отырмын, бұл – біздің әріпте алдындағы парызымыз, – дейді Айгүл Борисқызы.

Суретті түсірген автор

ҮЛГІЛІ ҰЙЫМ – ЖОЛШЫЛАРДА

«Қазкөліккәсіп» ҚБ «Астана» торабына қарасты Қырқыншы машиналандырылған жол дистанциясындағы бастапқы кәсіподақ ұйымы былтыр Еңбек қауіпсіздігі және қорғау бойынша салалық тарауда үздіктер қатарынан табылған. Оразалы Ерубайев төрағалық ететін ұйымға кәсіподақ жұмысын ілгері бастыруға қосқан үлесі үшін осы саладағы арнайы байқауда бірінші орын мен ақшалай сыйлық берілген болатын.



Ұлан ОРАЗ,
Астана

Кәсіподақ жұмысы оңай емес, тынымсыз да мазасыз қызмет. Олар теміржолшылар құқының қорғалуын қамтамасыз етіп, еңбек тәртібінің бұзылмауын қадағалау барысында талай кедергілерге тап болады. Сол кедергілерді жеңе отырып, қиын жағдайға түскен жұмысшыларға қолдау көрсетіп, олардың құқығын қорғау – қызығынан шығығы көп тірлік. Сонымен қатар түрлі қайырымдылық шараларын, спорттық додалар ұйымдастыру да кәсіподақ жұмысының бір қыры.

Кәсіподақ жұмысы уақытылы есеп беріп отыруды да қажет етеді.

Міне, осы бағытта аталған бастапқы кәсіподақ ұйымы өте белсенді деп танылған. Мәселен, былтыр үйлері өртеніп кеткен машинист пен көмекші машинистке дистанция кәсіподағынан бөлек Астана торабынан да қомақты материалдық көмек көрсетіліп, олардың суық түспей үйлерін қалпына келтіруіне бүкіл ұжым атсалысты деуге болады.

Теміржолшылар әулетінің өкілі Оразалы Ерубайев еңбек жолын 2001 жылы жол шаруашылығында кадр бөлімінде бастаған. Құқықтық салада білімі бар,



сауатты маман 2010 жылы кәсіподақ төрағалығына сайланған. Содан бергі 12 жылда сала кәсіподағының қыр-сырын меңгеріп, ұжымның нағыз тірегіне айналды.

– Біздің кәсіподаққа дистанцияның 600-ге жуық қызметкері мүше. Кәсіподақ жұмысымен тікелей айналысатын

6 адам бар, еліміздің және теміржолдың өміріндегі жаңалықтардан біз де тыс қалмай, барлық іс-шараларға қатысып келеміз. Биыл, мысалы, екі жылдан бері тоқтап қалған балалар лагерін ұйымдастыру, түрлі емдеу-сауықтыру орындарына жолдама беру, әлеуметтік аз қамтылған және қиын жағдайға тап

болған отбасыларға материалдық көмек көрсету сынды жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар Білім күні қарсаңында «Мектепке жол» акциясына қатысып, балалары бірінші сыныпқа барған әріптестерімізге қол ұшын создық, – дейді кәсіподақ төрағасы.

«КТЖ» ҰК» АҚ мен еңбек ұжымдары арасындағы Ұжымдық келісімшарттағы талаптар мен міндеттер негізінде жұмыс істейтін дистанцияда еңбек жағдайына ерекше көңіл бөлінеді. Өткен жылы еңбек қорғау саласында кемшіліктерге жол берілген жоқ, қызметкерлер толықтай жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілген. Кәсіподақ қаржысымен жұмысшылар пайдалануындағы 23 вагон қажетті техникамен, кондиционер, тоңазытқыш, қысқатолқынды пеш, электр шайнектерімен жабдықталды. Кәсіподақ ұйымы қызметкерлердің салауатты өмір салтын ұстануына барынша қолдау жасайды. Осы мақсатта футбол мен волейбол ойнауға арналған спорт алаңы салынып, үстел теннисіне арнайы бөлме жабдықталған.

Суретті түсірген автор

ОБЪЕДИНЕННЫЕ ОБЩИМИ ЦЕЛЯМИ



СОТРУДНИЧЕСТВО

Любовь РОВБА,
Астана

Декларация об образовании МКПЖ была подписана 14 мая 1992 года руководителями отраслевых профсоюзов Армении, Казахстана, Беларуси, Молдовы, России, Туркменистана и Узбекистана. Сегодня в конфедерацию входят профсоюзы стран СНГ, Грузии и Балтии, а это порядка двух миллионов работников транспортной отрасли.

После распада СССР, реформирования железных дорог, появления новых законов и национальных валют отраслевые профсоюзы оказались в бедственном положении. В тот период предпринимались самые разнообразные методы раскола и ослабления их влияния. Однако, оказавшись по разные стороны границ, отраслевые профсоюзы не пошли по пути конфронтации, а сумели сформировать единые подходы и принципы защиты прав железнодорожников. Именно с целью выработки скоординированной социальной политики на стальных магистралях стран региона, а также взаимодействия с межгосударственными органами и была создана МКПЖ.

Объединившись, удалось не только сохранить профсоюзное движение, но и реформировать его. За короткое время был заложен новый принцип социального партнерства и принято первое отраслевое соглашение, что стало поистине эпохальным событием.

За 30 лет пройден большой путь. На конгрессах МКПЖ принимались решения о развитии взаимного сотрудничества, укреплении связей членских организаций и обмене опытом.

В 1996 году МКПЖ получила статус постоянного наблюдателя в Совете по железнодорожному транспорту государств – участников Содружества, куда входят главы железнодорожных администраций. Благодаря чему профсоюзы МКПЖ получили возможность обсуждать волнующие их вопросы на международном уровне. Такого нет ни в одной другой отрасли. В рамках взаимодействия с советом подписано порядка 30 различного рода социальных документов. Так, право льготного проезда по сети железных дорог СНГ – заслуга членов МКПЖ, несмотря на сопротивление многих



руководителей на том этапе.

Еще одним достижением МКПЖ можно назвать общесетевой знак «Почетный железнодорожник», который остается главной отраслевой наградой железных дорог постсоветского пространства.

Уникальный проект конфедерации, не имеющий аналогов в мире, – система мониторинга оплаты труда, которая позволяет отслеживать изменения зарплат железнодорожников и то, как она соотносится со средней по стране. А сейчас подход дополнен новой методикой – сравнением покупательной способности зарплат по паритету покупательной способности. Итоги мониторинга, все данные рассматриваются в железнодорожные администрации, и с ними тоже налажено взаимодействие.

Благодаря МКПЖ виды гарантий по многим железным дорогам пространства 1520 достаточно близки, однако разнится материальное наполнение.

В 2018 году ОО «Казпрофтранс» совместно с МКПЖ провели в городе Актау первый Международный форум женщин профсоюзов транспортной отрасли, получивший широкий отклик среди представительниц прекрасного пола. Зарекомендовали себя и

форумы молодых железнодорожников «Содружество 1520». Позже пандемия внесла свои коррективы в сотрудничество, однако железнодорожники принимали участие в различных онлайн-тренингах и вебинарах МКПЖ.

В прошлом году состоялось первое после долгого перерыва очное, 60-е, заседание Совета МКПЖ в Грузии по девизом «Солидарность и дружба сильнее ковида», в котором приняла участие и казахстанская делегация.

На данном этапе в связи с глобальными событиями последних лет МКПЖ делает акцент на развитии приграничного сотрудничества в самом широком понимании: производственном, социальном и гуманитарном. Так, в этом году в рамках общей политики Международной конфедерации профсоюзов железнодорожников ОО «Казпрофтранс» и Роспрофжел подписали меморандум о приграничном взаимодействии и сотрудничестве. Документ предусматривает расширение контактов в области культуры, молодежного движения, профессионального взаимодействия, проведение совместных спортивных мероприятий и другое.

Фото с сайта kazprofttrans.kz

ВАЖНА СТРУНА ДОВЕРИЯ

По итогам конкурса, объявленного ОО «Казпрофтранс» на «Лучшую профсоюзную организацию», третье место заняла первичная организация Алтынкольской дистанции пути.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

Наверное, в жизни каждого человека наступает такой момент, когда ты осознанно понимаешь, в каком качестве больше принесешь пользы людям, где ты раскроешь весь свой потенциал и реализуешь силы в полной мере. Так и случилось с Гульзат Алмуратқызы – председателем профсоюзного комитета Алтынкольской дистанции пути. Работа в профкоме хлопотная, но необходима людям, потому что в какой бы общественно-экономической формации мы ни жили, везде существует проблема защиты прав и интересов человека труда. Завоевание доверия строится на искусстве общения, где профсоюзный лидер хорошо находит тональность в разговоре с сотрудниками. Большое внимание Гульзат уделяет организации здорового образа жизни. Заботливое и уважительное отношение к людям, к их нуждам – это тоже одна из сторон ее деятельности. Первичная организация призвана решать экономические и трудовые вопросы, поддерживать интересы работников и защищать их в случае нарушения. Гульзат расширяет формы и методы индивидуальной



работы с людьми, кадровыми и инженерно-техническими работниками. Заседания профкома всегда проводятся при «открытых дверях», чтобы каждый мог узнать о текущем положении дел. Умело обходит Гульзат и острые углы, ведь в любой организации есть недовольные сотрудники, которые хотят оспорить зарплату, условия труда или отношение работодателя. В таких случаях требуется вмешательство профсоюза. И если возникает конфликт, то всегда профсоюзный комитет старается решать проблемы путем переговоров. Поэтому профсоюзные лидеры, помимо знаний,

опыта и умения, должны еще обладать стрессоустойчивостью, способностью переносить различные ситуации, большой убежденностью в правоте своего дела, развитой мотивацией, умением выходить из стрессовых состояний.

«Беспокойное сердце» – иначе ее и не назовешь. Ее можно увидеть на перегонах и производственных участках, на укрепительных работах моста Хоргос, где она интересуется работой монтеров пути, дорожных мастеров, начальников участков, на всех массовых мероприятиях, причем Гульзат и здесь всегда на высоте. Ей под силу умело провести и

тематический вечер, и корпоративные мероприятия, словом, ее ораторскому искусству и импровизации можно только позавидовать.

По роду своей деятельности профсоюзному лидеру приходится давать разъяснения по вопросам Коллективного договора, где все пункты выполняются и заслушиваются на заседаниях профсоюзного актива, при этом постоянно в поле зрения – вопросы трудового законодательства, охраны труда, увольнения, перемещения и так далее.

– Важно подпитывать свою веру в то, что профсоюз нужен, что от нас ждут конкретную помощь, и мы должны быть неравнодушными к людям, предоставляя необходимые гарантии, – говорит Гульзат.

По мнению председателя профсоюзного комитета, любой руководитель заинтересован, чтобы коллектив трудился слаженно и эффективно, и задача профкома – улучшить условия труда, создать благоприятный климат в коллективе, снять в случае необходимости социальную напряженность. Но за внешней мягкостью, методичностью и последовательностью девушки всегда прослеживается ее внутренний стержень – принципиальность, самодисциплина, способность защитить, убедить и повести за собой.

Глядя на энергичную и целеустремленную Гульзат, можно вполне утверждать, что именно таким и должен быть профсоюзный лидер, стоящий на защите прав и интересов трудящихся.

Фото автора

Уважаемые коллеги!

От имени Российского профессионального союза железнодорожников и транспортных строителей (Роспрофжел) и от себя лично поздравляю вас с 30-летним юбилеем ОО «Казпрофтранс»!

Казпрофтранс с первых дней своего образования – надежный гарант и защитник человека труда. Благодаря активной и последовательной позиции профсоюза удалось создать надежный механизм регулирования социально-трудовых отношений в отрасли. Роспрофжел солидарен с вашей активной молодежной политикой, совершенствованием механизмов социальной защиты работников и индексации заработной платы, а также заботой о пенсионерах и ветеранах.

В последнее время стало очевидно, насколько важен для общества сбалансированный труд работников транспорта. Силами вашего профсоюза вы делаете все, чтобы этот труд был безопасным и эффективным.

Наши профсоюзы связывают давние дружеские отношения. Их новый виток развития – подписание 28 июня 2022 года меморандума о приграничном взаимодействии и сотрудничестве между Роспрофжелом и Казпрофтранс, в котором обозначено взаимодействие в области охраны труда и экологии, проведение совместных спортивных и иных мероприятий, а также вопросы защиты социально-экономических и трудовых прав членов профсоюзов.

Казпрофтранс стоял у истоков создания Международной конфедерации профсоюзов железнодорожников (МКПЖ). Опыт единого транспортного профсоюза очень интересен и важен для всех профсоюзов – членов конфедерации.

Уверен, что решения Центрального совета Казпрофтранса послужат стимулом к решению социальных и производственных задач на благо транспортной отрасли страны!

Желаю всем железнодорожникам, их семьям крепкого здоровья и благополучия!

Больших успехов в укреплении профсоюзной солидарности! С 30-летием, Казпрофтранс!

Председатель Роспрофжела
Сергей ЧЕРНОГАЕВ

Уважаемые члены ОО «Казпрофтранс»!

Поздравляем вас с замечательной датой – 30-летним юбилеем отраслевого профсоюза. Желаем вам успехов в деле защиты прав и интересов транспортных Казахстана!

Уверен, что проверенные десятилетиями железнодорожные традиции и надежная товарищеская поддержка будут только расти и крепнуть.

От имени грузинских коллег искренне желаю всем крепкого здоровья, благополучия и успехов в профессиональной деятельности!

Председатель Профсоюза
железнодорожников
Грузии Гела ГЕЛАШВИЛИ

РУКА НА ПУЛЬСЕ ВРЕМЕНИ

Председатель первичной организации профсоюза Тобольской дистанции пути Костанайского отделения магистральной сети Сауле Сыздыкова заняла почетное второе место среди всех других профсоюзных организаций компании.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

И это место Сауле Сыздыкова заняла вполне заслуженно. Под ее руководством первичная организация профсоюза Тобольской дистанции пути работает уже восемь лет. За это время было сделано очень многое.

– Один из главных наших приоритетов – улучшить условия труда, – говорит Сауле Сыздыкова. В конце каждого года мы проводим анализ социально-экономического положения членов нашего профсоюза и доводим результаты до руководства. Помимо этого, мы стремимся обеспечить наших работников

всем необходимым с точки зрения быта.

Благодаря такой заботе за последние несколько лет практически все так называемые табельные помещения Тобольской дистанции пути были переведены с печного отопления на электрическое, также их оснастили электрочайниками, микроволновками, электроплитками, холодильниками и т. п.

Еще один немаловажный момент, который профсоюзу удалось решить, – своевременное оснащение работников спецодеждой. Не последнее место занимают в повседневной работе профсоюза различные благотворительные и спортивные мероприятия. К примеру, в результате недавних

масштабных пожаров в Аулиекольском районе у одного из работников дистанции сгорел дом в Аманкарагае. И профкомом дистанции ему была немедленно оказана финансовая помощь.

– И всегда в аналогичных случаях мы ежемесячно проводим заседания комиссии, где коллегиально решаем те или иные вопросы оказания финансовой помощи нашим работникам. И практически всегда эти вопросы решаются положительно, – говорит Сауле Сыздыкова.

Подобная помощь оказывается профсоюзом и многодетным семьям работников в ходе акции «Дорога в школу». Не остается без внимания



профсоюза и спортивная жизнь коллектива. Регулярно проводятся соревнования по футболу, волейболу, дартсу, где железнодорожники дистанции имеют возможность выплеснуть эмоции, стать приверженцами здорового образа жизни, получить новый заряд на последующие трудовые будни.

Отстаивает профсоюз дистанции пути и интересы работников, чтобы

не допустить их незаконного увольнения, также уделяется внимание эстетическому состоянию помещений и площадок дистанции. Благодаря всем этим и другим моментам Первичная организация профсоюза Тобольской дистанции пути и остается одной из самых передовых и прогрессивных организаций в своей отрасли.

Фото автора

Сұхбат

КӘСІПОДАҚҚА ДЕГЕН СЕНІМДІ АҚТАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

«Қазкөліккәсіп» қоғамдық бірлестігінің құрылғанына 30 жыл толып отыр. Теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі салаларының 100 мыңнан астам жұмысшылары мен қызметкерін біріктіретін үлкен күшке айналған беделді ұйым. Мерейтойға аталған ұйым қандай жетістіктерімен келіп отыр? Кәсіподақтың Орталық кеңесі төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитовпен сұхбатымыз осы тақырыпта өрбіді.



– Жұпарбек Абзалбекұлы, отыз-жылдық мерейтой құтты болсын! Әңгімемізді «кәсіподақ адамдар үшін бе, әлде адамдар кәсіподақ үшін керек пе?» деген сауалдан бастасақ...

– Әрине, адамдар болмаса, кәсіподақ ұйымы болмас еді. Ал адамдардың құқықтары мен мүдделерінің заң шеңберінде қорғалып, әділ шешімін табу үшін әлбетте кәсіподақтың атқаратын рөлі зор. Сондықтан кәсіподақтың «өмір сүруі» үшін адамдар қаншалықты қажет болса, еңбеккерлер үшін кәсіподақтың да соншалықты қажеттігі дау тудырмаса керек. Яғни, кәсіподақ жұмыс беруші мен жұмысшының арасында дәнекер қызметін атқарады. Біздің кәсіподақ үшін көлік саласының ең ірі құрылымы теміржолшы еңбеккерлерінің еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау бірінші орында.

– Соңғы жылдарда кәсіподақтың қатысуымен талай түйткілді мәселелер түйіні тарқатылып жатыр, бұл теміржолшылардың кәсіподаққа деген сенімі арта түскенін байқатса керек?

– Әлбетте, кәсіподаққа мүше еңбеккерлердің сенімін ақтау – басты міндетіміз. Осы бағытта аянбай еңбек етіп жатқан жайымыз бар. Біздің жұмысымызды бағалау үшін соңғы бір-екі жыл емес, тұтас отыз жылды алып қарау керек. Дегенмен, соңғы кезде теміржолшы халықтың еңбек дауларын кәсіподақ арқылы шешуге тырысуы біздің жұмысымызды ширата түскенін атап өтуіміз керек. 2021 жылы Бз Ұлттық компания басшыларымен бірлесе отырып, бірнеше комиссия құрып, еліміздің барлық өңірін араладық. Ондағы мақсат, ел ішіндегі теміржолшылардың еңбек жағдайын, тұрмыстық ахуалын біліп, мұң-мұқтаждарын тыңдау болатын. Қарағанды өңірінде болғанымызда ондағы жүкті қабылдап-тапсырушылар зиянды және ауыр еңбек жағдайында жұмыс істеп жатқандарын, алайда, олардың жалақысына қосымша төлемақы жүргізілмей отырғанына шағымданды. Біз олардың шағымына орай арнайы комиссия құрдық. Ол комиссия жүкті қабылдап-тапсырушылардың жұмыс орындарына лаборатория шақыртып, қиындығын, зиянды жағдайын зерттеп, сараптама жасады. Нәтижесінде, зиянды еңбек жағдайы расталып, қосымша ақы төленетін болды. Бұл – Жаңаауылдан бастап соның аумағындағы төрт станцияның 49 еңбеккері. Ал Батыс аймақты аралағанымызда Ақтөбедегі Пойыздарды басқару орталығының (РЦУП) диспетчерлері де бізге осы мәселемен шықты. Олар бұрын диспетчерлерге зиянды жұмыс ретінде үстемақы төленіп келгенін, қазір бес бөлімшені қосып, орталықтандырылғанда бұл қосымша ақы алынып тасталғанына шағымданды. Бірақ, жұмыс көлемі сол баяғы, көбеймесе, азайған жоқ және еңбек жағдайы да сол қыл, өзгере қойған жоқ десті олар. Сол жерде менің ұсынысыммен Ақтөбедегі филиалдан комиссия құрып, еңбек жағдайын тексеретін лаборатория тауып, өз есебімізден аттестация өткізуге тапсырма берілді. Бұл процестер жүргізілді, нәтижесінде зиянды еңбек ретінде танылып, диспетчерлер жалақысына қосымша 12 пайыз төленетін болды және еңбек демалысына қосымша 6 күн қосылып берілді. Мұндай жағдай Алматыда ұйымдастырылған РЦУП диспетчерлеріне де жасалып, олар да тиісті қосымша ақы мен демалыс күндерін алу құқығына ие болды. Қазір бұл мүмкіншіліктен осы жылдың аяғына дейін Астанада ұйымдастырылатын РЦУП диспетчерлерінің де құр қалмауына әрекет етіп жатырмыз. Сонымен қатар биыл көктемде мен Бейнеу станциясына барып, теміржолшылармен кездестім. Сонда жолшылар жаңа жол бойында 2014 жылы салынған модульдердегі төсек-орындардың сол уақыттан бері ауыстырылмай, жырым-жырым болып жыртылып біткенін айтып шағымданды.

Ал жаңа төсек-орындарды сатып алу үшін бюджетке кіргізіп, одан кейін теңдер өткізу керек, бұл ұзаққа созылып кететін процесс еді. Сондықтан біз Кәсіподақтың орталық кеңес төрағасымен кеңесе отырып, төсек-орынды өз есебімізден, яғни кәсіподақ қаржысына сатып алып беруге шешім қабылдадық. Алматыға жақын Ақши елді мекенінде сапалы төсек-орын жиынтығын тігетін өндіріс орны бар екен, соған 80 жиынтыққа тапсырыс беріп, дайын болған соң Бейнеу жол дистанциясының қоймасына дейін жеткізіп бердік.

– Жақында Қостанай облысында болған алапат өрттен зардап шеккендер қатарында теміржолшылар да бар. Осындай қиын-қыстау кезеңде сала еңбеккерлеріне кәсіподақ тарапынан қандай көмек беріліп, қолдау көрсетілді?

– Жалпы биыл жыл басынан бергі 9 айда 94 адамға 24 млн теңге көлемінде материалдық көмек бердік. Кімдерге дейтін болсақ, біреудің өзі ауырады, екіншісінің баласы, әйелі дегендей. Қазір онкологиямен ауыратын адамдар көп. Сонымен қатар, көктемде үйін су шайып немесе өртеніп кеткен, аварияға түскен теміржолшыларға ақшалай материалдық көмек көрсетілді. Ал Қостанай облысындағы үлкен өртке келсек, қыркүйек айының 21-23 аралығында Аманқарағай станциясына өзін барып келдім. Оған дейін, дәлірек айтсақ, 13 қыркүйекте Орталық кеңестің атқару комитеті өңірдегі филиалдар, кәсіподақ комитеті жетекшілері қатысқан онлайн жиын өткіздік. Сол жиында Қостанай өңірінде өрттен зардап шеккен теміржолшыларға қаржылай қолдау көрсету мақсатында қаражат жинауға шешім қабылданған болатын. Теміржолшылардың 25 отбасы осы өрттен зардап шекті, олардың арасында зейнеткерлер де бар. 11 отбасының үйі түгелімен жанып кеткен, қалғандарының қора-қопсысы, қоршаулары жанған. Содан сол жақтағы Құсмұрын, Тобыл, Есіл станцияларындағы кәсіподақ жетекшілері мен Қостанайдағы «Қазкөліккәсіп» ҚБ филиалының төрағасы бар, 7 адамнан тұратын комиссия құрып, Аманқарағай станциясына барып, зардап шеккен әрбір теміржолшының ахуалымен танысып қайттық. Келтіріліген зиян, яғни зардап шегу ахуалын 10 балдық шкаламен белгіледік. Дүние-мүлкі, үйі толық өртеніп кеткендерге 10 балл, қора-қопсысы өртенген жағдайда 3-4 балл, яғни шеккен зиянына қарай балдар қойылды. Бір жігіттің үйімен қоса көлігі жанып кетіпті, оған 10 балмен қатар тағы бір балл қостық. Әрине, көп ақша емес, 1 балдың құны 145 000 теңге болып шықты. Сонда ол жігітке 1 млн 595 мың теңге ақша қолына тиеді. Бұдан бөлек «КТЖ» ҰК» АҚ тарапынан 200 АЕК мөлшерінде көмек көрсетіліп отыр. Сонымен қатар оларға ел үкіметі тарапынан жаңа үйлер салынып жатыр. Қараша айына дейін беріледі.

– Жұпарбек Абзалбекұлы, сөз соңында теміржолдағы еңбек жолыңыз, кәсіподақтағы қызметіңіз туралы айтып берсеңіз.

– Мен Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында туып өстім. Алматыдағы теміржол көлігі инженерлері институтын бітірдім. Еңбек жолымды жолшы болып Жаңаарқа ПМС-та бастадым. Әртүрлі қызметтерді атқардым. 1997 жылдың 1 қазанында кәсіподаққа келдім. Міне, бүгін осы кәсіподақ қызметінде жүргеніме ширек қасыр болыпты. 2010 жылдан бері Орталық Кеңес төрағасының орынбасарымын, өндірістік мәселелер бойынша жауаптымын. Қызметім өзіме өте ұнайды, теміржолшылармен тікелей жұмыс істеймін. Әрине, қолымызды келгенше, теміржолшылардың мәселелерін оңынан шешіп беруге тырысамыз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұлуғұл БАКЕСОВА
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

КӨШБАСШЫҒА ҚАБІЛЕТТІЛІК ҚАЖЕТ

Кәсіподақ қашан да жұмысшы мүддесін қорғаушы ұйым екені белгілі. Демек, ондай ұйымның басшысы жетекшілік етуге, яғни көшбасшы болуға қабілетті болуы тиіс. «Көшбасшы» деген ұғым анау-мынау адамның атына қосақталып айтыла бермейтіні аян, не сөзімен, не ісімен ықпал ете білетін жан болуы ләзім.

Біздің кейіпкеріміз сондай қабілетке ие. Өйткені, ол Атырау жүк тасымалы бөлімшесіне кәсіподақ ұйымының төрағасы болып келген кезден бастап кәсіподақ ісіне жан бітті. Бұрын бұйығы жататын ұйым енді ашық түрде жұмыс жасай бастады. Барлық шараларға бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері шақырылады, жұмысшылармен кездесу жиіледі, бетпе-бет жүздесу, дидарласу, жұмысшының мұң-мұқтажын тыңдау, оған заң және ұжымдық шарт шеңберінде көмек көрсету жақсарды. Мәселен, Махамбет станциясында жұмысшылар қатынайтын автобус бұзылып қалған сәтте, кәсіподақ ұйымы шұғыл араласып, бірнеше айға басқа автобуспен тасымалдауға мүмкіндік жасады. Пандемия кезінде кәсіподақ тарапынан жұмысшылардың қауіпсіздік құралдарымен қамтылуы үнемі қадағаланып, сақтық шараларына, еңбек заңдылығының сақталуына үлкен мән берілді. Бұл жұмысқа енді кірісіп жатқан жанға үлкен сынақтан өткендей кезең болғаны жасырын емес.

Атырау жүк тасымалы бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрағасы Нұрбол Нурышев жаңа қызметіне 2019 жылдың күзінде Мақат станциясынан келген болатын. Жалпы, Мақатты үлкен теміржол мектебі деуге болады. Нұрбол да осы мектепте шыңдалып өскен маман. Ол 1982 жылы Қызылқоға ауданының Қарабау ауылында дүниеге келген. 1995 жылы әкесі Таңатардың



жұмыс бабына орай отбасы Мақатқа, дәлірек айтқанда 402-разъезде көшіп келеді. Ойын баласының теміржолға деген қызығушылығы да осы кезде оянса керек. Мақаттағы №83 теміржолшылар мектебінде оқиды. Орта білім алған соң, 2001-2003 жылдары әскер қатарында болып Отан алдындағы борышын өтеп келді. Сосын Ақтөбе теміржол колледжіне оқуға түсті. Оны бітірген соң еңбек жолын станцияда оператор болып бастайды. Әрі қарай станция кезекшісі, техникалық бақылау бөлімінің бастығы, станциялық диспетчер, бас инженер қызметтерін абыроймен атқарады. Отбасылы, екі ұл, үш қызы бар.

Бүгінде кәсіподақ жұмысын жандандырып, қоғамдық жұмыстың ұйытқысы болып жүрген белсенді жастың арқасында өңірде спорт шаралары, тренингтер,

ҰЙЫМДАСТЫРА БІЛГЕН ҰТАДЫ

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіндегі кәсіподақ ұйымының төрайымы Айша Қалағанова өңірдегі әр теміржолшы отбасымен таныс десек, артық айтпаймыз.

Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы 21-разъезде туып өскен кейіпкеріміз мектеп бітірген соң теміржол институтын бітіріп, еңбек жолын 1998 жылы Ақтөбе теміржол басқармасының жол шаруашылығында бастайды. 2000 жылдардан кейін Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі құрылып, жаңа бөлімге қызметке шақырылады. Техникалық, өндіріс бөлімдерінде қызмет атқарып, 2007 жылы кадр бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды. 13 жыл бойы Ақтөбе, Орал аймағы бойынша кадр қызметін басқарды. Тәжірибелі жан әр теміржолшының әлеуметтік жағдайымен сол кезден таныс. 2020 жылы көпшіліктің таңдауымен магистральдық желі бөлімінің кәсіподақ төрағасы болып тағайындалады. Ұзақ жыл кадр бөлімін басқарғандықтан бұл қызметті ұршықтай іріп алып кетті. «Әр қызметкердің әлеуметтік жағдайымен таныспын. Барлық көпбалалы отбасылардың тұрмысымен, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған әріптестеріміздің жағдайынан хабардармын.

Саладан еңбек демалысына кеткен ардагер теміржолшыларды да назардан тыс қалдырған емеспіз. Кәсіподақ қызметі де осы – халықтың әлеуетін арттыру жолында қызмет ету», – дейді ол.

2020 жылы Пойыздар қозғалысын бір жерден басқару орталығын Ақтөбе қаласынан ашу, бес өңірдің диспетчерлерін көшіру, орналастыру, әлеуметтік жағдайына көмектесу жұмыстарына белсене араласқан қызметкерлердің бірі Айша Қалағанова індет кезінде кәсіподақтың жұмысын төтенше жағдайға көшірді деуге болғандай.

«Пандемия кезінде жасалған жұмыс шаш етекстен. Коронавирустан қорғану жұмыстарына барынша күш салдық. Қолдан келгенін де, тіпті келмегенін де жасауға ұмтылып, кейін қызметкерлердің денсаулығын қалпына келтіруге көп көмек көрсетілді. Қазір кәсіподақ қызметінің 30 жылдығына орай қауіпсіздік аясында ұжымдар арасында байқау өткізіп жатырмыз. Үздіктер ор-

сайыстар жиі өтеді. Кәсіподақтың бастамасымен бүгінде Мақатта спорттық алаң салынып жатыр. Ұжымдық келісім-шартқа сәйкес әлеуметтік қоржын бойынша қызметкерлерге барлық көмек түрлері қарастырылып, төленеді. Зейнеткерлерге тіс емдеу-салдыруға және кезекті еңбек демалыс кезінде жүріп-тұруына байланысты темір жол билеті үшін әлеуметтік көмектер көрсетілді. Қазірде зейнетке ерте шығу бағдарламасы бар. Ол да денсаулығы сыр берген адамдарға үлкен мүмкіндік. Сауықтыру шипажайларына жолдама, кәсіби мереке күніне орай әлеуметтік көмек беріледі. Теміржолшылардың 7-13 жас аралығындағы балалары жазғы лагерде демалуы – дәстүрге айналған шара. «Мектепке жол» қайырым-дылық акциясы бойынша әлеуметтік аз қамтылған балаға мектепке баратын сөмке оқу құрал-жабдықтарымен табыс етілуі де салтқа енген. Биыл 140 оқушыға сөмкеден бастап барлық мектеп оқу-құралдары, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларындағы 824 балаға 2 АЕК көлемінде ақшалай көмек берілген. Жалпы кәсіподақта жұмыс қыз-қыз қайнап жатыр...

Адам баласының қуанышы мен қайғысы қатар жүреді. Әр отбасыда әртүрлі мәселе туындайды, не жеке басында, не жұмыс бабында түрлі жағдайлар болады. Нұрболдай кәсіподақ лидері болса соның бәрін шешу жолын таба білетіні сөзсіз. Өйткені, оның табиғатына қол қусырып қарап отыру жат, кез келген мәселені оңтайлы шешуге, көмек беруге ұмтылады, жұмысшы мүддесіне сергек қарайды. Бұл – кәсіподақ басшысы үшін ең жақсы қасиет.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау



талық кәсіподаққа жіберіліп, республика бойынша жеңімпаз анықталады», – дейді Айша Қалағанова.

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінде жасалып жатқан жұмыстарға теміржолшылар да, сала ардагерлері де белсене араласады. Түрлі спорттық шаралар тұрақты өтеді. Теміржолшылар арасында бірнеше футбол командалары бар. Спорт кешендерімен келісімшарт арқылы теміржолшыларға бассейнге, фитнес залға бару мүмкіндігі қарастырылған.

Осындай жұмыстардың ортасында ұйымдастыру қабілеті зор Айшадай арудың жүргені қандай жақсы. Ал ұйымдастыра білген ұтады.

Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУҒА ДАЙЫНБЫЗ

Әр мекемедегі бірнеше жүзден асатын еңбеккерлердің кез келген әлеуметтік мәселесінің оңтайлы шешілуіне атсалысатын кәсіподақ ұйымына жүктелетін салмақ жыл сайын артып келеді.



Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясы кәсіподақ ұйымының төрағасы Ерсайын Сұлтанов – кәсіби жұмысына қоса кәсіподақ жұмысын қатар жүргізіп отырған маман. Өндірістің де, салалық кәсіподақтың да жұмысын білетін бесаспап жанға заңдық, құқықтың кеңес сұрап келетіндер көп. Олардың бәріне өз құзыреттілігі шеңберінде көмек беруге тырысады.

– Ағымдағы жылы түрлі жағдаймен көмек сұраған

жұмысшылар мен зейнеткерлерге 1 550 000 теңге көлемінде қаражат берілді. Жұмыс жасап жүрген мүгедек жұмысшыларға 400 000 теңге қайырымдылық көмек көрсетілді. Жақын туыстары қайтыс болғандарға 420 000 теңге берілді. Басқа да жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға, жуынатын бөлмелерге, дәретханаларға сантехникалық құрылғылар сатып алуға, мәдени-көпшілік іс-шараларға кәсіподақ бюджетінен 400 000 теңге қаржы бөлінді. Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне орай «Үздік ұжым» атты байқау өткізіліп, бағалы сыйлықтарға 170 000 теңге қаржы жұмсалды. Сонымен қатар республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына кәсіподақ бюджетінен бірінші сыныпқа баратын 46 бүлдіршінге 601 000 теңге қаржыға сөмке және мектепке қажетті оқу құралдарын сатып алып табыс еттік. Міне, осындай шаралардың бәрі кәсіподақ ұйымы

тарапынан теміржолшылар мен олардың отбасы мүшелерін қолдауға бағытталған. Салалық кәсіпте өндірістік болсын, әлеуметтік болсын, барлық жұмыс белгіленген тәртіппен шешіледі. Одан тысқары шаруалар жергілікті атқарушы органдар тарапынан шешілуі тиіс. Дегенмен теміржол саласында жұмыс жасаған кез келген адам алдымен өзі жұмыс жасаған мекеменің есігін сағалайтыны белгілі. Ондай максатта келген әріптестеріне жағдайдың түсіндіру, қол сілтеу, қажет болса көмек қолын созу – ең алдымен кәсіподақтың міндеті, әлеуметтік қолдауға әрбір жұмысшы лайық – дейді Ерсайын Сұлтанов.

Сонымен қатар барлық әлеуметтік мәселелер санатына қарай Ұжымдық шартта көрсетілген деңгейде шешілетінін ескерген кәсіподақ қызметкерлері өз жұмысында оны ең басты құжат ретінде басшылыққа алады.

Кәсіподақ жұмысымен қоса
